



m-Аминофенолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеудің оптимальды жағдайлары (көміртек диоксиді ортасында,  $P_{CO_2} = 10$  атм,  $T = 160^\circ C$ ;  $\tau = 4$  сағ) анықталған; n-аминосалицил қышқылының шығымы 70,4% жетеді (реакцияға түскен m-аминофенолға есептегенде 96,0%).

$\alpha$ -Нафтолды натрийэтилкарбонатпен региоселективті 2-ші және 4-ші жағдайларға карбоксилдеудің оптимальды жағдайлары анықталған. Ауа ортасында ( $P_{ауа} = 1,2-1,4$  атм,  $T = 160^\circ C$ ;  $\tau = 5$  сағ)  $\alpha$ -нафтолды карбоксилдеу арқылы 1-окси-2-нафтой қышқылын 74,0% шығыммен (реакцияға түскен  $\alpha$ -нафтолға есептегенде 93%) синтездеудің қарапайым және қолайлы тәсілі жасалған.  $\alpha$ -Нафтолды натрийэтилкарбонатпен көміртек диоксиді ортасында ( $P_{CO_2} = 10$  атм,  $T = 115^\circ C$ ;  $\tau = 5$  сағ) карбоксилдеуді жүргізу кезінде 4-ші жағдайға региоселективті карбоксилдеу байқалып, тек 48,0% шығыммен 1-окси-4-нафтой қышқылы түзіледі (реакцияға түскен  $\alpha$ -нафтолға есептегенде 95%).